

Атырау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 323 "Атырау қаласы бойынша салық ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 186 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 03 сәуірде № 2881 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 27 ақпандағы 2018 № 197 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 27.02.2018 № 197 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 422 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Атырау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 323 "Атырау қаласы бойынша салық ставкаларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-1-154 рет санымен тіркелген 2012 жылғы 2 ақпанында "Атырау" газетінде жарияланған) шешімінің № 2 қосымшаның 5 жолына өзгеріс енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика, кәсіпкерлікті дамыту, индустрия, сауда, салық және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (С. Ерубаев).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXIII сессия төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы*

*Б. Рысқалиев
Б. Қазиманов*

Атырау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 13 наурыздағы № 186 шешіміне қосымша

Атырау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 323 шешіміне 2 қосымша

Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері

№	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
5.	Карт	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК